



## **Элиталық тұқым шаруашылығын және мал тұқымын асылдандыру ісін сақтауға және дамытуға қаражат төлеудің 2002 жылға арналған ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 15 сәуір N 432

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысын іске асыру және отандық ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерді ауыл шаруашылығы

дақылдарының элиталық тұқымымен, асыл тұқымды өніммен (материалмен) қамтамасыз етуді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Элиталық тұқым шаруашылығын және мал тұқымын асылдандыру ісін сақтауға және дамытуға қаражат төлеудің 2002 жылға арналған ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 15 сәуірдегі  
N 432 қаулысымен  
бекітілген

## **Элиталық тұқым шаруашылығын және мал тұқымын асылдандыру ісін сақтауға және дамытуға қаражат төлеудің 2002 жылға арналған ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Элиталық тұқым өсіру және асыл тұқымдандыру ісін сақтау және дамыту" 038-бағдарлама бойынша көзделген қаражат есебінен және соның шегінде элиталық тұқым шаруашылығын және мал тұқымын асылдандыру ісін сақтауға және дамытуға арналған элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары мен мал тұқымын асылдандыру зауыттарын, асыл тұқымды мал шаруашылықтарын, мал тұқымын асылдандыру мен

дистрибьютерлік орталықтарды (бұдан әрі - асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілері) субсидиялаудың жалпы шарттары мен тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік субсидиялар мыналарға арналады:

1) отандық тауар өндірушілерге сатылған ауыл шаруашылық дақылдарының элиталық тұқымдары мен асыл тұқымды төлдер, аталықтар тұқымдары және асыл

тұқымдық жұмыртқалар (бұдан әрі - асыл тұқымды өнім (материал) құнын ішінара арзандату үшін;

2) коллекциялық табындар қалыптастыру үшін сатып алынған саны аз және жоғалып бара жатқан асыл тұқымды малдар түрлерінің құнын өтеуге;

3) мал тұқымын асылдандыру орталықтарында асыл тұқымдық бұқаларды және асыл тұқымды мекиен тауықтарды күтіп ұстау жөніндегі шығындарды өтеуге;

4) асыл тұқымдық бұқаларды сатып алуға және олардың ұрығын сақтауға арналған шығындарды өтеуге;

5) мал тұқымын асылдандыру ісі үшін сатып алынған арнаулы технологиялық жабдықтар (бұдан әрі - арнаулы жабдықтар) құнын өтеуге.

### 3. Мемлекеттік субсидиялар "Қазақстан Республикасында пайдалануға

жіберілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне" енгізілген ауыл шаруашылық дақылдарының аудандастырылған сорттары элиталық тұқымының және асыл тұқымды өнімнің (материалдың) белгіленген квоталар мен шығыстар сметасы шегінде отандық ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерге арзандатылған құны бойынша нақты көлемін сатқаны үшін белгіленген тәртіппен аттестатталған элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына және асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілеріне төленеді.

4. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген іс-шараларды субсидиялау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілеген квоталар мен шығыстар сметасы шегінде жүзеге асырылады.

5. Элиталық тұқымның және асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне арналған субсидиялар нормативі, сондай-ақ оларды сақтау жөніндегі іс-шаралар қосымшаға сәйкес белгіленеді.

6. Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілері ауыл шаруашылық дақылдарының элиталық тұқымдары мен асыл тұқымды өнімді (материалды) отандық ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерге Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісілген, төленетін субсидия мөлшеріне кемітілген баға бойынша дербес сатады.

## **2. Асыл тұқымды мал шаруашылығын сақтауға және дамытуға арналған субсидияларды төлеу тәртібі**

7. Асыл тұқымды өнімді (материалды) арзандатылған құн бойынша сатқанына субсидия алу үшін:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығының субъектілері мәміленің жасалуына қарай, бірақ 2002 жылғы 5 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық органына (бұдан әрі - аудандық аумақтық басқарма) мынадай құжаттарды ұсынады:

асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу-сату шарты;

төлем құжаттарының көшірмелері (төлем түрлеріне қарай: аударым - банктің төлем тапсырмасы; қолма-қол есеп айырысқаны үшін - кассалық кіріс ордері; баспа-бас мәміле (ерекше жағдайда) - шарт және өнімді кіріске алу актісі);

2) асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор (бұдан әрі - меминспектор) аудандық аумақтық басқармаға ай сайын 5-і күніне қарай, бірақ 2002 жылғы 5 желтоқсаннан кешіктірмей алдыңғы ай үшін асыл тұқымды өнімнің (материалдың) сатылғаны туралы аудан бойынша жиынтық актіні және аудандық аумақтық басқарма бастығы куәландырған мақсатты пайдалану актісін сатып алу-сату шарттарының түпнұсқаларымен бірге Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық органына (бұдан әрі - облыстық аумақтық басқарма) ұсынады;

3) облыстық аумақтық басқарма ұсынылған құжаттардың дұрыстығы мен растығын тексереді, асыл тұқымды өнімнің (материалдың) сатылғаны туралы облыс бойынша жиынтық акт жасайды, мөрмен куәландырады және асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу-сату шарттарының және мақсатты пайдалану актілерінің түпнұсқаларымен бірге оны ай сайын 10-ы күніне қарай Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі асыл тұқымды өнімді (материалды) сату туралы облыстар ұсынған жиынтық актілердің жасалуының дұрыстығын тексереді, оларда көрсетілген көлем және асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне арналған нормативтер негізінде тиесілі бюджеттік ақшаның көлемін айқындайды және сатудың белгіленген квоталары шегінде асыл тұқымды өнімді (материалды) сату туралы республика бойынша жиынтық ведомость жасайды. Көрсетілген бағдарламаны қаржыландыру үшін республикалық бюджеттен қаражаттың бөлінуіне қарай күнтізбелік жылдың соңына дейін асыл тұқымды мал шаруашылығы тиісті субъектілерінің есеп айырысу шотына тиесілі субсидияны аударады;

5) асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу-сату үлгі шартының оларды мақсатты пайдалану актісінің, асыл тұқымды өнімді (материалды) сату туралы аудан бойынша, облыс бойынша жиынтық актілердің және асыл тұқымды өнімді (материалды) сату туралы республика бойынша жиынтық ведомостің нысандары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен бекітіледі.

8. Асыл тұқымдық бұқаларды сатып алуға және оларды мал тұқымын асылдандыру орталықтарында күтіп ұстауға арналған шығындарды өтеу үшін:

1) мал тұқымын асылдандыру орталығы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне асыл тұқымдық бұқалардың отандық немесе шетелдік селекцияларын сатып алуға арналған шарттың немесе келісім-шарттың бір данасын ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жасалған шарттардың немесе келісім-шарттардың дұрыстығы мен растығын, сатып алынатын малдың тұқымды селекциялық-асылдандыру жұмыстары жоспарларына сәйкестігін тексереді және бюджеттік ақшаны асыл тұқымдық бұқалар сатып алу үшін мал тұқымын асылдандыру орталығының есеп айырысу шотына аударады. Асыл тұқымдық бұқалар сатып алғаннан кейін мал тұқымын асылдандыру орталығы келесі айдың ішінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне барлық төлем құжаттарының және кіріске алу актілерінің көшірмелерін ұсынады.

3) сатып алынған асыл тұқымдық бұқаларды күтіп ұстауға және олардың ұрығын сақтауға арналған бюджеттік ақшаны алу үшін мал тұқымын асылдандыру орталығы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне асыл тұқымдық бұқаларды күтіп ұстау және олардың ұрығын сақтау жөніндегі есеп-қисаптың бір данасын ұсынады және әр айдың қорытындысы бойынша асыл тұқымдық бұқаларды күтіп ұстау әрі олардың ұрығын сақтау жөніндегі нақты шығынды растайтын салыстырып тексеру актілері мен құжаттарды ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді және күнтізбелік жылдың соңына дейін бюджеттік ақшаны мал тұқымын асылдандыру орталығының есеп айырысу шотына аударады.

9. Құс шаруашылығы бойынша тұқым асылдандыру шаруашылығында асыл тұқымды құстарды күтіп ұстау шығынын өтеу үшін:

1) құс шаруашылығы бойынша тұқым асылдандыру шаруашылығы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне 2002 жылдың бірінші жарты жылдығы ішінде асыл тұқымды құстарды күтіп ұстау жөніндегі шарт немесе келісім-шарт түпнұсқасының бір данасын ұсынады және әр айдың қорытындысы бойынша асыл тұқымды құстарды күтіп ұстау жөніндегі нақты шығынды растайтын салыстырып тексеру актілері мен құжаттарды ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынылған құжаттардың дұрыстығын мен растығын тексереді және күнтізбелік жылдың соңына дейін бюджеттік ақшаны құс шаруашылығы бойынша тұқым асылдандыру шаруашылығының есеп айырысу шотына аударады.

10. Арнаулы жабдықтардың, сондай-ақ селекциялық-генетикалық орталықтарда коллекциялық табындар қалыптастыру үшін сатып алынған отандық селекцияның саны аз және жоғалып бара жатқан асыл тұқымды малдар түрлерінің құнын өтеу үшін:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің және Білім және ғылым министрінің бірлескен бұйрығымен сатып алынатын арнаулы жабдықтардың, коллекциялық табындар қалыптастыруға арналған отандық селекцияның саны аз және жоғалып бара жатқан асыл тұқымды малдар түрлерінің тізбесі мен саны бекітіледі;

2) селекциялық-генетикалық орталықтар асыл тұқымды малдар мен арнаулы жабдықтарды сатып алуға жасасылған шарттың (келісім-шарттың) бір данасын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынады; <\*>

3) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жасасылған шарттардың (келісім-шарттардың) дұрыстығы мен растығын тексереді және бюджеттік ақшаны селекциялық-генетикалық орталықтың есеп айырысу шотына аударады. Селекциялық-генетикалық орталықтар 2002 жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірмей асыл тұқымды малдар мен арнаулы жабдықтарды сатып алуды жүзеге асырады, келесі айдың ішінде барлық төлем құжаттарының және кіріске алу актілерінің көшірмелерін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынады. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі коллекциялық табындарды малдардың және арнаулы жабдықтардың бар екендігін тексереді және актімен ресімдейді. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.12.10. N 228g қаулысымен.*

### **3. Элиталық тұқым шаруашылығын сақтауға және дамытуға арналған субсидия төлеу тәртібі**

11. Ауыл шаруашылық дақылдарының элиталық тұқымдарын арзандатылған құн бойынша сатқанына субсидия алу үшін:

1) элиталық тұқым өсіру шаруашылығы отандық ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерге белгіленген квоталар шегінде элиталық тұқымдар көлемін арзандатылған құн бойынша сату фактісін, ал аудандық аумақтық басқарма - сатылған элиталық тұқымдарды отандық ауыл шаруашылық тауарын өндірушілердің мынадай мерзімдерде мақсатты пайдалану фактісін растайды:

күздік дақылдар бойынша - 2002 жылғы қазан-қарашада; <\*>

жаздық дақылдар бойынша - 2002 жылғы маусымда;

2) элиталық тұқымдарды сатқаны үшін ақша төлеу ағымдағы жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражаттар мен нақты элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары үшін белгіленген квоталар есебінен және шегінде жүргізіледі:

күздік дақылдар бойынша - сәуір-шілдеде және қараша-желтоқсанда; <\*>

жаздық дақылдар бойынша - шілде-желтоқсанда;

3) элиталық тұқымдарды сату фактісін растау және субсидия алу үшін элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары аудандық аумақтық басқармаға осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мерзімде мынадай құжаттар ұсынады:

элиталық тұқым өсіру шаруашылығының элиталық тұқымдарды нақты сату көлемі бойынша екі дана жиынтық тізілім: бірі - аудандық аумақтық басқарма үшін, екіншісі - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі үшін;

элиталық тұқымдар өндіруге арналған бастапқы материалдың шығу тегін растайтын құжаттар (байқау актілері және суперэлита мен элита көбейту тұқымбақтарын, ал көбейту мен суперэлита тұқымбақтары сатып алынған жағдайда - тұқымға арналған аттестатты байқау туралы есеп);

белгіленген тәртіппен тіркелген тұқымдар сапасына сараптама жасау жөніндегі аудандық зертхананың тексерілген элиталық тұқымдар саны мен сапасы туралы анықтамасы;

сатылған элиталық тұқымдардың бастапқы төлем құжаттарының (тұқымды жөнелтуге арналған жүкқұжаттар, шот-фактуралар; төлем түріне қарай: нақты ақшасыз есеп айырысу кезінде - банкінің белгісі соғылған төлемдік тапсырмалар; қолма-қол ақшамен есеп айырысу кезінде - кассалық кіріс ордерлері, баспабас есеп айырысу жағдайында - сатып алушылардың шарттары, сенімхаттары) көшірмелері;

элиталық тұқым өсіру шаруашылығы мен элиталық тұқым сатып алушылар арасында сатылған және сатып алынған элиталық тұқымның мөлшері туралы сатып алу-сату шарты. Сатып алу-сату шарты төрт данада жасалады: біріншісі - элиталық тұқым өсіру шаруашылығы үшін, екіншісі - сатып алушы үшін, үшіншісі аудандық аумақтық басқарма үшін, төртіншісі - Ауыл шаруашылығы министрлігі үшін;

4) аудандық аумақтық басқарма бастапқы төлем құжаттарының ұсынылған көшірмелерін (тұқымды жөнелтуге арналған жүкқұжаттарды, шот-фактураларды; төлем түріне қарай - банкінің белгісі соғылған төлемдік тапсырмаларды, кассалық кіріс ордерлерін, баспабас есеп айырысу жағдайында - сатып алушылардың шарттарын, сенімхаттарын) түпнұсқамен салыстырып тексереді және өзінің мөрімен куәландырады. Бастапқы төлем құжаттарының куәландырылған көшірмелері, элиталық тұқымдардың нақты сатылу көлемі бойынша жиынтық тізілімнің бір данасы және сатып алу-сату шартының бір данасы аудандық аумақтық басқармада сақтауға қалдырылады;

5) аудандық аумақтық басқарма облыстық аумақтық басқармаға мынадай құжаттар ұсынады:

элиталық тұқым өсіру шаруашылығының элиталық тұқымдарды нақты сату көлемі бойынша жиынтық тізілім;

элиталық тұқым өсіру шаруашылығы мен элиталық тұқым сатып алушы арасында сатылған және сатып алынған элиталық тұқым мөлшері туралы сатып алу-сату шарты;

элиталық тұқымды мақсатты пайдалану туралы акт;

белгіленген тәртіппен тіркелген тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі аудандық зертхананың, тексерілген элиталық тұқымның саны мен сапасы туралы анықтамасы;

6) облыстық аумақтық басқарма ұсынылған құжаттарды тексереді, облыс бойынша жиынтық акт жасайды және оны осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен қоса Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жібереді;

7) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынылған құжаттарды тексереді, элиталық тұқымдардың сатылу көлемі жөнінде республика бойынша жиынтық акт жасайды, белгіленген нормативтер негізінде элиталық тұқым өсіру шаруашылығына тиесілі бюджеттік ақшаның көлемін айқындайды, субсидия төлеу үшін екі дана етіп ведомость жасайды және тиесілі соманы элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының есеп айырысу шоттарына аударады.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына ведомостің бір данасын ұсынады.

8) элиталық тұқымдарды сатып алу-сату үлгі шартының, оларды мақсатты пайдалану актісінің, элиталық тұқым өсіру шаруашылығының элиталық тұқымды нақты сату көлемі бойынша жиынтық тізілімдердің, облыс бойынша, республика бойынша сатылған элиталық тұқымдар көлемі жөніндегі жиынтық актілердің нысандары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен бекітіледі.

*ЕСКЕРТУ. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 19.07.2002 N 806; 30.10.2002 N 1153 қаулыларымен.*

Қосымша

Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) және ауыл шаруашылық дақылдары элиталық тұқымдарының әрбір түріне арналған субсидия нормативтері, сондай-ақ оларды сақтау жөніндегі іс-шаралар

*Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 19.07.2002 N 806 қаулысымен*

1) сатылатын асыл тұқымды төлдерге арналған субсидия нормативтері

! Асыл тұқымды ! Сатылатын  
Малдардың түрлері мен тұқымдары !өнімнің өзіндік ! 1 кг. тірі  
!кұнын арзандату ! салмаққа  
! %-ы ! арналған  
!! субсидия  
!! нормативі,  
!! теңгемен

-----  
1 ! 2 ! 3  
-----

Мүйізді ірі қара  
Соның ішінде сүт бағытындағылары:  
Қара шұбар 50 69  
Қызыл 50 69  
Қоңыр 50 69

Қызғылт сары шұбар 50 69

Айыршы 50 69

Соның ішінде ет бағытындағылары:

Қазақтың ақ бас сиыры 50 63

Герфордтық 50 63

Әуликөздік 50 63

Санта-гертруда 25 31

Галловейлік 25 31

Қойлар

Соның ішінде биязы жүн бағытындағылары:

Қазақтың арқар мериносы 50 72

Солтүстік Қазақстан мериносы 50 72

Оңтүстік Қазақстан мериносы 50 72

Қазақтың биязы жүнді қойы 50 72

(Австралия мериносы жақсартушы қошқарлар) 50 300

Жартылай биязы жүн бағытындағылары:

Қазақтың жартылай биязы жүнді қойлары 50 72

Ақжайық етті-жүнді қойлары 50 72

Цигайлық 50 72

Ет-май бағытындағылары:

Еділбай қойы 50 67

Қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойы 50 62

Қазақтың жартылай қылшық жүнді құйрықты қойы 50 62

Атырау елтірілік құйрықты қойлары 50 60

Қаракөл қойлар 50 55

Шошқалар

соның ішінде:

Ірі ақ шошқа 50 94

Неміс асыл тұқымды шошқасы 25 50

Жылқылар

соның ішінде:

Спорт бағытындағылары:

Таза тұқымды мініс жылқысы 25 41

Ақалтекелік 25 41

Қостанайлық 25 41

Орыс жорғасы 20 32

Азық-түлік бағытындағылары:

Қазақтың жабы тұқымдас жылқылары 50 75

Мұғалжарлық 50 75

Көшімдік 50 75

Адайлық 50 75

Түйелер:

соның ішінде: қазақтың айыр түйесі 50 60

2) ұрықтың бір дозасына арналған субсидия нормативі

-----  
! Асыл тұқымды ! Ұрықтың 1

Асыл тұқымды өнімнің түрі ! өнімнің өзіндік ! дозасына

! құнын арзандату ! арналған

! %-ы ! субсидия

! ! нормативі,

!! теңгемен

1!2!3

Тұқымдық бұқалардың ұрығы 40 140

3) сатылған асыл тұқымды бір жұмыртқаға арналған субсидия нормативтері

! Асыл тұқымды !Асыл тұқымды  
Асыл тұқымды өнімнің түрі !өнімнің өзіндік !1 жұмыртқаға  
!құнын арзандату ! арналған  
!%-ы ! субсидия  
!! нормативі,  
!! теңгемен

1!2!3

Тауықтың асыл тұқымдық мақсаттарға арналған жұмыртқасы (аналық) 50 8  
Тауықтың асыл тұқымдық мақсаттарға арналған жұмыртқасы (еттік) 50 14  
Үйректің асыл тұқымдық мақсаттарға арналған жұмыртқасы 25 12

----- 4) Құнының 100 пайызына арналған субсидия нормативтері:

селекциялық-генетикалық орталықтарда коллекциялық табындар құру үшін сатып алынатын саны аз, жоғалып бара жатқан асыл тұқымды малдар түрлері;  
асыл тұқымды орталықтар үшін сатып алынатын асыл тұқымдық бұқалар;  
асыл тұқымды малдың саны аз, жоғалып бара жатқан түрлерінің коллекциялық табындары күтіп ұсталатын селекциялық-генетикалық орталықтар үшін сатып алынатын арнаулы жабдықтар.

5) Шығынның 100 пайызына арналған субсидия нормативтері:

асыл тұқымдық бұқаларды мал тұқымын асылдандыру орталықтарында күтіп ұстау бойынша;  
асыл тұқымды құстарды 2002 жылдың бірінші жартысында құс шаруашылығы жөніндегі асыл тұқым шаруашылығында күтіп ұстау бойынша;

6) ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқымдарын субсидиялау нормативтері \_\_\_\_\_

Өнім түрі Бір тоннаға 1 тоннаға  
арналған арналған  
арзандату субсидия  
%-ы нормативі,  
мың теңгемен

Күздік дақылдардан, жүгері мен 40-қа дейін 11,926  
күріштен басқа, астық және дәнді  
бұршак дақылдары  
Күздік дақылдар 40-қа дейін 14,667

Жүгері 40-қа дейін 30,000  
Күріш 40-қа дейін 16,000  
Күнбағыс 40-қа дейін 40,000  
Басқа майлы дақылдар 40-қа дейін 16,000  
Картоп 40-қа дейін 28,000  
Жоңышқа 40-қа дейін 120,000  
Басқа көп жылдық шөптер 40-қа дейін 46,000  
Бір жылдық шөптер 40-қа дейін 12,000  
Қант қызылшасы 40-қа дейін 16,000  
Мақта 40-қа дейін 22,000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК